

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы»
акционерлік қоғамы**

*2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін
Жеке қаржылық есептілік
және Аудиторлық есеп.*

МАЗМҰНЫ

БЕТ

**2021 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ БОЙЫНША
ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАУЫ 3-4**

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ 5-8

**2021 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:**

Бухгалтерлік Теңгерім 9-10

Кірістер мен шығындар туралы есеп 11-11

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп 12-13

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп 14

Қаржылық есептілікке ескерту 15-55

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ БОЙЫНША ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАУЫ

Тәуелсіз аудиторлар ұсынған есепте қамтылған аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралуға тиіс келесі мәлімдеме аудиторлар мен басшылықтың «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ қаржылық есептілігіне қатысты жауапкершілігін бөлу мақсатында жасалған.

Басшылық 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ қаржылық жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес сол күні аяқталған жыл үшін оның қызмет нәтижелерін, ақшалай қаражат қозғалыстарын және меншікті капиталдағы өзгерістерді барлық елеулі аспектілерде әділ көрсететін қаржылық есептіліктің дайындалуына жауапты.

Қаржылық есептілікті жасау кезінде «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ басшылығы:

- тиісті бухгалтерлік есеп қағидаттарын таңдау және оларды дәйекті қолдану;
- негізделген бағалар мен есептеулерді қолдану;

ХҚЕС талаптарының сақталуы немесе қаржылық есептілікке ескертулерде ХҚЕС-тен барлық елеулі ауытқулардың ашылуы;

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ, егер мұндай болжам заңсыз болмаса, жақын болашақта жұмысын жалғастырады деген болжамға негізделген қаржылық есептіліктің жасалуы;

Қоғамда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және жұмыс істеуін қамтамасыз етуі;

кез келген уақытта Қоғамның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәрежеде дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін жүргізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есептің жүргізілуі;

өз құзыреті шегінде «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ активтерін қорғау бойынша шаралар қабылдау;

алаяқтық және басқа да теріс пайдаланушылықтарды анықтау және алдын алу үшін жауапты болады.

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ басшылығы осы мәселелерді жақсы білуі мен түсінуі негізінде, келесі мәлімдемені растайды:

Біз ақпараттың толықтығын растаймыз, барлық операциялар бухгалтерлік есеп деректерінде және қаржылық есептілікте көрініс тапқан, сондай-ақ байланысты тараптарға қатысты берілген ақпаратты: байланысты тараптардың тізбесі, есеп айырысу сальдосы және байланысты тараптармен операцияларды растайды.

Бухгалтерлік есеп пен ішкі бақылау жүйелерінің жұмыс істеуінде маңызды рөл атқаратын басшылық немесе қызметкерлер тарапынан бұзушылықтар болған жоқ; сондай-ақ қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін бұзушылықтар болған жоқ.

Қаржылық есептілікте елеулі бұрмаланулар немесе қателіктер жоқ.

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ бұзушылық болған жағдайда қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін шарттық міндеттемелердің барлық аспектілерін орындады. Сонымен қатар, реттеуші органдардың, орындалмаған жағдайда қаржылық есептілікке елеулі әсер ететін, қандай да бір талаптарын бұзу анықталған жоқ.

Бізде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын немесе жіктелуін айтарлықтай өзгертетін немесе қорлардың артық көлемінің шығуына немесе қорлардың ескіруіне әкелетін жоспарларымыз немесе ниеттеріміз жоқ. Қорлардың есепке алынған құны сатудың болжамды таза құнынан аспайды.

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ өзінің барлық активтеріне меншік құқығына ие.

ХҚЕС түзетулерді немесе ашып көрсетуді талап ететін қаржылық есептілік күнінен кейін орын алған барлық оқиғалар үшін тиісті түзетулер мен ашып көрсетулер жасалды.

Қоса берілген қаржылық есептілік «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ үздіксіз жұмыс істейтіндігі және жақын болашақта жұмысын жалғастыратыны негізінде дайындалды. Сондықтан «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ-ын таратуға немесе қызмет ауқымын айтарлықтай қысқартуға ниеті де, қажеттілігі де жоқ деген болжам бар.

Біздің біліміміз бен сеніміміз бойынша, Теңгерім күнінен кейін және осы хаттың күніне дейін жоғарыда аталған қаржылық ақпаратта түзетулерді немесе ашып көрсетуді талап ететін оқиғалар болған жоқ.

2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін осы қаржылық есептілікті басшылық «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ активтерін қорғау бойынша өз құзыреті шегінде 2022 жылғы 31 наурызда шығару үшін бекітті.

Басқарма төрағасы

М.К. Жүйриктаев

Бас бухгалтер

Г.Д. Галинская

«Аудиторская компания Азия «KZT»

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ҚР аймағында аудиторлық қызметпен айналысуға
мемлекеттік лицензия
№16004604, ҚР ҚМ 11.03.2016 ж. берілген

«Утверждаю»
«Аудиторская компания Азия «KZT»
ЖШС директоры
Г.Ш. Абитеева

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ
акционерлері мен басшылығына

**Жеке қаржылық есептілік аудитінің
нәтижелері бойынша қорытынды**

Пікір

Біз «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2021 жылғы 31 желтоқсан жағдайындағы бухгалтерлік баланстан, кірістер мен шығындар туралы есептен, ақшалай қаражат қозғалысы туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және түсіндірме жазбадан тұратын, есепке алу саясатының негізгі ережелерінің мазмұнына қысқаша шолуды қоса алғанда, жекелеген қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Қоғамның 2021 жылғы 31 желтоқсан жағдайындағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес сол күні аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы түрде ұсынады.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің міндеттеріміз одан әрі біздің қорытындымыздың «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары кеңесінің *Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне* (БХЭСК кодексі) сәйкес Қоғамға қатысты тәуелсізбіз және БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерімізді орындадық.

Аудиттың негізгі сұрақтары

Біз «Пікір білдіру үшін негіз» бөлімінде көрсетілген мәселеден басқа, біздің қорытындыда баяндалуы тиіс басқа негізгі аудит мәселелері жоқ екенін анықтадық.

Басшылықтың және корпоративтік басқару, қаржылық есептілік үшін жауап беретін тұлғалардың жауапкершілігі.

«Аудиторская компания Азия «KZT» ЖШС Нұр-Сұлтан қ. 2022 жыл.

Басшылық аталған жеке қаржылық есептілікті ХҚЕС сәйкес дайындауға және әділ ұсынуға және басшылық жауапсыздық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмалануларсыз жеке қаржылық есептілікті дайындауды қамтамасыз ету үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылықтың Қоғамды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеті болған немесе оның таратудан немесе қызметін тоқтатудан басқа шынайы балама болмаған жағдайды қоспағанда, басшылық Ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыру мүмкіндігін бағалауға, сәйкесінше жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты ақпаратты ашуға және қызметтің үздіксіздігі негізінде есеп беруге жауапты болады. Корпоративтік басқару өкілеттігі бар тұлғалар Қоғамның жеке қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсаттарымыз жеке қаржылық есептілікте жауапсыздық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулардың жоқтығына негізделген сенімділік алу және нәтижесінде біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды беру болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит әрқашан маңызды бұрмалану бар кезде анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмалаулар жауапсыз әрекеттер немесе қателіктен туындауы мүмкін және егер олар жеке немесе барлығыта осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп күтілсе, маңызды болып саналады.

Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шегінде біз кәсіби пайымдаулар жасаймыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- жауапсыз әрекеттер немесе қателік салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтау және бағалау; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды әзірлеу және орындау; пікірімізге негіз болатын жеткілікті және орынды аудиторлық дәлелдерді алу. Жауапсыз әрекеттерден елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесіндегі елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жауапсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, әдейі өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылауды айналып өтіп әрекет етуді қамтуы мүмкін;

- Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудитке қатысты ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік алу;

- қолданылған есепке алу саясатының орындылығын және бухгалтерлік бағалаулар негізділігі мен басшылық дайындаған ақпаратты тиісті ашып көрсетулердің негізділігін бағалау;

- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы болжамды қолдану орындылығы жайында қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдерге сүйене отырып, Ұйымның үздіксіз қызметін жалғастыру мүмкіндігіне елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға қатысты елеулі белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындыда қаржылық есептіліктегі тиісті ашып көрсетулерге назар аударуымыз керек немесе мұндай ашулар орынсыз болса, өз пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қоғамның үздіксіз қызметін жалғастыру мүмкіндігін тоқтатуға әкелуі мүмкін;

• қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, олардың құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпаратты ашып көрсетуді, сондай-ақ қаржылық есептіліктің негізгі операциялар мен оқиғаларды әділ түрде ұсынылатындай етіп көрсетуін бағалау.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен байланысып, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы ақпаратты, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулерді, соның ішінде аудит жүргізу барысында анықталған ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктерді айтамыз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды орындағанымыз және сол тұлғаларды аудитордың тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін болатын барлық қарым-қатынастар мен басқа мәселелер және қажет болған жағдайда тиісті қорғау шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болған және, демек, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, немесе өте сирек жағдайларда, біз өз қорытындымызда мәселе туралы ақпаратты жария етпеу керек деген қорытындыға келген жағдайларды қоспағанда, біз бұл мәселелерді аудиторлық қорытындыда сипаттаймыз, өйткені ол мұндай ақпаратты берудің жағымсыз салдары оның хабарлаудың әлеуметтік маңызды артықшылықтарынан басым болады деп негізді түрде болжауға болады.

Аудитор,

Г.Ш. Абитеева

«Аудиторская компания Азия «KZT» ЖШС

Директоры

Нұр-Сұлтан қ., Е10 к., 17С-үй, 1-кеңсе.

Аудитордың біліктілік куәлігі № МФ-0000291

ҚР аудиторларын аттестаттау жөніндегі Қазақстан

Аудиторлар Одағының Біліктілік комиссиясымен 09.11.2015 ж. берілді

Аудитор ассистенті

Н.В. Барсукова

**Тәуелсіз аудиторлардың 2022 жылғы 31 наурыздағы
аудиторлық қорытындысын бекіту күні**

Ұйымның атауы: **«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ**
2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жыл үшін
Бухгалтерлік теңгерім

Мың теңге

Активтер	Жол коды	Есептік кезең соңына	Есептік кезең басына	Есептік кезең басына (салыстырмалы ақпарат)
I. Қысқа мерзімді активтер:				
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	010	20 025 006	16 221 044	16 221 044

«Аудиторская компания Азия «KZT» ЖШС Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл.

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес
жасалған жеке қаржылық есептілігі, мың теңгемен.**

Өзге қысқа мерзімді қаржылық активтер	015	103	6 403	6 403
Қысқа мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек	016	744 018	763 423	763 423
Жалға беру бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	017	9 303	270	270
Ағымдағы табыс салығы	019	100 752	84 752	84 752
Қорлар	020	65 479	33 957	33 957
Өзге қысқа мерзімді активтер	022	1 127 809	303 978	303 978
Қысқа мерзімді активтердің барлығы (010-нан 022-ге дейінгі жолдар сомасы)	100	22 072 470	17 413 827	17 413 827
Сатуға арналған активтер (немесе шығып кеткен топтар)	101	42 658	86 967	86 967
II. Ұзақ мерзімді активтер				
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық активтер	112	171 353	160 240	160 240
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер	116		108 829	108 829
Ұзақ мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек	117	53 439	67 489	67 489
Инвестициялық мүлік	120	4 629 375	4 563 837	4 821 562
Негізгі құралдар	121	20 141 638	22 622 534	22 622 534
Материалдық емес активтер	125	209 754	251 165	251 165
Өзге ұзақ мерзімді активтер	127	9 664	1 956	1 956
Ұзақ мерзімді активтердің барлығы (110-нан 127-ге дейінгі жолдар сомасы)	200	25 215 223	27 776 050	28 033 775
Теңгерім (100-жол + 101-жол + 200-жол)		47 330 351	45 276 844	45 534 569

Міндеттеме және капитал	Жол коды	Есепті кезеңнің соңына	Есепті кезеңнің басына	Есепті кезеңнің басына
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер				
Қысқа мерзімді сауда және өзге кредиторлық берешек	214	67 694	50 647	50 647
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	215	138 449	135 339	135 339
Жұмыскерлерге сыйақы	217	104	78	78
Жалға беру бойынша қысқа мерзімді берешек	218			
Сатып алушылардың шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелері	219		85	85
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	222	190 522	27 704	27 704
Қысқа мерзімді міндеттемелердің барлығы (210-нан 222-ге дейінгі жолдар сомасы)	300	396 769	213 853	213 853

«Аудиторская компания Азия «KZT» ЖШС Нұр-Сұлтан қ. 2022 жыл.

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес
жасалған жеке қаржылық есептілігі, мың теңгемен.**

Сатуға арналған шығып кететін топтардың міндеттемелері	301			
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	316	794 231	312 435	312 435
Жұмыскерлерге сыйақы	317	13 093	18 641	18 641
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің барлығы (310-нан 321-ге дейінгі жолдар сомасы)	400	807 324	331 076	331 076
V. Капитал				
Жарғылық (акционерлік) капитал	410	47 035 667	47 035 667	47 035 667
Басқа барлығы кірістің құрамдас бөліктері	413	721 557	204 944	204 944
Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын)	414	(1 630 966)	(2 508 696)	(2 250 971)
Өзге капитал	415			
Иелерге тиесілі меншіктің жалпы капиталы (410-нан 415-ке дейінгі жолдар сомасы)	420	46 126 258	44 731 915	44 989 640
Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	421			
Барлық капитал (420 жол + 421 жол)	500	46 126 258	44 731 915	44 989 640
Теңгерім (300-жол + 301-жол + 400-жол + 500-жол)		47 330 351	45 276 844	45 534 569

Басқарма төрағасы _____
қолы

М.К. Жуйриктаев

Бас бухгалтер _____
қолы

Г.Д. Галинская

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес
жасалған жеке қаржылық есептілігі, мың теңгемен.**

Ұйымның атауы: **«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ**

2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жыл үшін
Пайда мен шығын туралы есеп

мың теңге

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есептік кезеңге	Алдыңғы кезеңге
Түсім	010	7 343 365	6 732 416
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	011	5 439 048	5 617 363
Жалпы пайда (010-жол – 011-жол)	012	1 904 317	1 115 053
Шығыстар по реализации	013	40 115	26 212
Әкімшілік шығыстар	014	606 398	575 451
Жалпы операциялық пайда (залал) (+/- 012-ден 014-ке дейінгі жолдар)	020	1 257 804	513 390
Қаржылық кірістер	021	1 760 434	596 408
Қаржылық шығыстар	022	108 829	
Өзге кірістер	024	118 360	290 402
Өзге шығыстар	025	1 570 464	482 275
Салық салуға дейінгі пайда (залал) (+/- 020-дан 025-ке дейінгі жолдар)	100	1 457 305	917 925
Табыс салығы бойынша шығыстар (-) (кірістер (+))	101	(386 843)	(279 948)
Жалғастырылатын қызметтен алынатын салық салудан кейінгі пайда (залал) (100-жол + 101-жол)	200	1 070 462	637 977
Жылдағы пайда (200-жол + 201-жол) мыналарға жатады:	300	1 070 462	637 977
бас компанияның иелері		1 070 462	637 977
Басқа барлығы кіріс, барлығы (сомасы 420 және 440): оның ішінде	400	527 670	6 750
басқа барлығы кірістің құрамдас бөліктерінің салықтық әсері	418		6 750
Келесі кезеңдердегі кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктелуі тиіс басқа барлығы кіріс (пайда салығын шегергенде) (410-418-жолдар сомасы)	420		6 750
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау	431	527 670	
Келесі кезеңдердегі кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жатпайтын басқа барлығы кіріс (пайда салығын шегергенде) (431-435-жолдар сомасы)	440	527 670	0
Жалпы барлығы кіріс (300-жол + 400-жол)	500	1 598 132	644 727
Мыналарға жататын жалпы барлығы кіріс:			
Акцияға шаққандағы пайда:	600	0,0228	0,0136
Соның ішінде:			
Акцияға шаққандағы негізгі пайда:		0,0228	0,0136
Жалғастырылған қызметтен		0,0228	0,0136

Басқарма төрағасы _____
қолы

М.К. Жуйриктаев

Бас бухгалтер _____
қолы

Г.Д. Галинская

«Аудиторская компания Азия «KZT» ЖШС Нұр-Сұлтан қ. 2022 жыл.

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес
жасалған жеке қаржылық есептілігі, мың теңгемен.**

Ұйымның атауы: **«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ**
2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жыл үшін
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)

мың теңге

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есептік кезеңге	Алдыңғы кезеңге
I. Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражат қозғалысы			
1. Ақшалай қаражат түсімдері, барлығы (011-ден 016-ға дейінгі жолдар сомасы)	010	8 482 365	7 700 109
соның ішінде:			
тауарлар мен қызметтерді сату	011	7 716 106	7 372 044
өзге түсім	012	48 266	56 785
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	013	521 986	87 152
сақтандыру шарттары бойынша кірістер	014		233
алынған сыйақылар	015	112 020	54 397
өзге түсімдер	016	83 987	129 498
2. Ақшалай қаражаттың шығысы, барлығы (021-ден 027-ге дейінгі жолдар сомасы), соның ішінде:	020	5 097 418	3 611 871
тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төлемдер	021	2 174 678	704 890
тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге берілген аванстар	022	327 603	4 874
еңбек ақы төлемдері	023	1 241 108	1 183 379
сыйақы төлемдері	024		
сақтандыру шарттары бойынша төлемдер	025		
табыс салығы және бюджетке төленетін басқа төлемдер	026	1 019 768	1 262 128
өзге төлемдер	027	334 261	456 600
3. Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты (010-жол - 020-жол)	030	3 384 947	4 088 238
II. Инвестициялық қызметтен түсетін ақшалай қаражат қозғалысы			
1. Ақшалай қаражат түсімдері, барлығы (041-ден 052-ге дейінгі жолдар сомасы), соның ішінде:	040	81 665,00	7 039,00
негізгі құралдарды сату	041	81 665,00	7 039,00
2. Ақшалай қаражаттың шығысы, барлығы (061-ден 073-ке дейінгі жолдар сомасы), соның ішінде:	060	228 082	74 895
негізгі құралдарды сатып алу	061	193 504	26 248
материалдық емес активтерді сатып алу	062	24 809	13 822
басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	063	9 769	34 825
3. Инвестициялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат (040-жол - 060-жол)	080	(146 417)	(67 856)
III. Қаржылық қызметтен түсетін ақшалай қаражат қозғалысы			
1. Ақшалай қаражат түсімдері, барлығы (091-ден 094-ке дейінгі жолдар сомасы), соның ішінде:	090	13 587 862	11 496 910
алынған сыйақылар	093	987 862	496 910

«Аудиторская компания Азия «KZT» ЖШС Нұр-Сұлтан қ. 2022 жыл.

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес
жасалған жеке қаржылық есептілігі, мың теңгемен.**

өзге түсімдер	094	12 600 000	11 000 000
2. Ақшалай қаражаттың шығысы, барлығы (101-ден 105-ке дейінгі жолдар сомасы), соның ішінде:	100	13 046 584	11 963 667
дивиденд төлеу	103	446 584	963 667
өзге шығулар	105	12 600 000	11 000 000
3. Қаржылық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат (090-жол - 100-жол)	110	541 278	-466 757
4. Валюта бағамының теңгеге әсері	120	24 154	152 481
5. Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының баланстық құнының өзгеруінің әсері	130		
6. Ақшалай қаражаттың ұлғаюы +/- азаюы (030-жол +/- 080-жол +/- 110-жол +/- 120-жол +/- 130-жол)	140	3 803 962	3 706 106
7. Есепті кезеңнің басына ақшалай қаражаттың және олардың баламалары	150	16 221 044	12 514 938
8. Есепті кезеңнің соңына ақшалай қаражаттың және олардың баламалары	160	20 025 006	16 221 044

Басқарма төрағасы _____
қолы

М.К. Жуйриктаев

Бас бухгалтер _____
қолы

Г.Д. Галинская

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес
жасалған жеке қаржылық есептілігі, мың теңгемен.**

Ұйымның атауы: **«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ**
2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жыл үшін
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

МЫҢ ТЕҢГЕ

Компоненттер атауы	Жол коды	Жарғылық (акционерлік) капитал	Барлық капитал		Барлық капитал
			Басқа барлығы кірістің құрамдас бөліктері	Бөлінбеген пайда	
Алдыңғы жылдың 1 қаңтарына сальдо	010	47 035 667	239 216	(2 224 028)	45 050 855
Есепке алу саясатындағы өзгерістер	011				0
Қайта есептелген сальдо (010-жол +/- 011-жол)	100	47 035 667	239 216	(2 224 028)	45 050 855
Жалпы барлығы кіріс, барлығы (210-жол + 220-жол):	200	0	0	637 977	637 977
Жылдағы пайда (залал)	210			637 977	637 977
Басқа барлығы кіріс, барлығы (221-229-жолдар сомасы):, соның ішінде:	220	0	0	0	0
Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310-нан 318-ге дейінгі жолдар сомасы): соның ішінде:	300	0	0	(963 667)	(963 667)
Дивиденд төлеу	315			(963 667)	(963 667)
Өзге операциялар	319		(34 272)	41 022	6 750
Есептік жылдың 1 қаңтарына сальдо (100-жол + 200-жол + 300-жол + 319-жол)	400	47 035 667	204 944	(2 508 696)	44 731 915
Есепке алу саясатындағы өзгерістер	401			257 725	257 725
Қайта есептелген сальдо (400-жол +/- 401-жол)	500	47 035 667	204 944	(2 250 971)	44 989 640
Жалпы барлығы кіріс, барлығы (610-жол + 620-жол):	600	0	527 670	1 070 462	1 598 132
Жылдағы пайда (залал)	610			1 070 462	1 070 462
Басқа барлығы кіріс, барлығы (621-629-жолдар сомасы):, соның ішінде:	620	0	527 670	0	527 670
негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді қайта бағалау (салық әсерін шегерткенде)	623		527 670		527 670
Меншік иелерімен операциялар, барлығы (710-нан 718-ге дейінгі жолдар сомасы):	700	0		(446 584)	(466 584)
соның ішінде:					0
Дивиденд төлеу	715			(446 584)	(446 584)
Өзге операциялар	719		(11 057)	(3 873)	(14 930)
Есептік жылдың 1 қаңтарына сальдо (500-жол + 600-жол + 700-жол + 719-жол)	800	47 035 667	721 557	(1 630 966)	46 126 258

Басқарма төрағасы _____
қолы

М.К. Жуйриктаев

Бас бухгалтер _____
қолы

Г.Д. Галинская

«Аудиторская компания Азия «KZT» ЖШС Нұр-Сұлтан қ. 2022 жыл.

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ
2021 жылға арналған қаржылық есептілігіне
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА.**

1. Жалпы ережелер

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасында шаруашылық жүргізуші субъект ретінде 2004 жылғы 18 наурызда тіркелген. Астана қаласының Әділет департаментімен заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы № 15882-1901-АҚ куәлік берілді. Атауын өзгерту кезінде Қоғам 2011 жылғы 23 ақпандағы № 15882-1901-АҚ мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік алды.

Қоғам 100 пайыз мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мемлекеттік және орыс тілінде өз атауы бар мөрі, мөртаңбалары, бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банктік шоттары бар.

Қоғам Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында салық төлеуші ретінде тіркелген. 2004 жылдың 01 қыркүйегінен бастап Қоғам ҚҚС төлеуші болып табылады. Қоғамның салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша тіркелген:

- Ақмола облысының Ақкөл ауданында
- Алматы облысы Іле ауданында
- Нұр-Сұлтан қаласының Сарыарқа ауданында
- Нұр-Сұлтан қаласының Байқоңыр ауданында
- Нұр-Сұлтан қаласының Алматы ауданында

Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі болып табылады.

Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру және мемлекеттік мүлік комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысына сәйкес Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, аэроғарыш өнеркәсібі инновациялар министрлігінің Аэроғарыш комитеті (Жалғыз акционер) жүзеге асырады.

Қоғамның жоғарғы басқару органы жалғыз акционер – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, Аэроғарыш өнеркәсібі инновациялары министрлігінің Аэроғарыш комитеті болып табылады.

Басқару органы – Директорлар кеңесі.

Атқарушы орган – Басқарма.

Қоғамның жарғылық капиталы республикалық бюджет қаражаты есебінен қалыптасқан, бір акцияның номиналды құны 1000 (бір мың) теңгені құрайды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның жарғылық капиталы 47 035 667 мың теңгені құрайды.

Қоғам қызметінің орналасқан жері Қазақстан Республикасы болып табылады. Қоғамның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы, Әліби Жангелдин көшесі, 34.

Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Акционерлік қоғам туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Жарғы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ ішкі құжаттар негізінде жүзеге асырады.

Жарғыға сәйкес Қоғам қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) ұлттық байланыс және хабар тарату ғарыш аппараттарын және ұшуларды жерүсті басқару кешенін пайдалану;
- 2) ұлттық байланыс және хабар тарату ғарыш аппараттарының транспондерлерін ұсыну;
- 3) жерсеріктік желілерді құру және олардың негізінде телекоммуникация қызметтерін ұйымдастыру (телепорттық қызметтер) үшін технологиялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;
- 4) ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутниктерін және жерүсті ғарыш аппараттарын басқару кешендерін қоса алғанда, ғарыштық байланыс жүйелеріне техникалық шарттар мен техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу.
- 5) халықаралық шарттар негізінде байланыс мәселелері бойынша халықаралық қызметті жүзеге асыруға қатысу;
- 6) Кәсіпорын 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімге меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару саласында қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 795 қаулысына сәйкес Қоғам мынадай міндеттерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының ғарыштық байланыс жүйесінің ұлттық операторы болып айқындалды:

- ғарыштық байланыс жүйесінің техникалық жұмысын қамтамасыз ету;
- жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттарының транспондерлерін беру бойынша қызметтерді көрсету

Байланыс және хабар ғарыш аппараттарын пайдалану және олардың қызмет етуі үшін жерүсті инфрақұрылымды пайдалану мақсатында ҚР Ұлттық ғарыш агенттігімен Қоғамға 2005 жылғы 28 мамырдағы № 0012891 лицензия берілді. Қоғамның атауының өзгеруіне байланысты осы қызмет түріне лицензия 2011 жылғы 18 сәуірде № 0012901 болып жаңартылды.

2021 жылғы 31 желтоқсан жағдайына Қоғамның «Казсат» АҚ еншілес компаниясы бар. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 1557 қаулысымен Қоғам оған «Казсат» Басқарушы компания» АҚ қосумен қайта ұйымдастырылды. 2013 жылғы 20 наурыздағы Беру актісіне сәйкес (ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру және мемлекеттік мүлік комитетінің 20.03.2013ж. № 195 бұйрығы) Қоғамға «Казсат» Басқарушы компания» АҚ барлық мүлігі, кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты барлық міндеттемелер бойынша құқықтары мен міндеттері өтті.

Нұр-Сұлтан қ. Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кіріс басқармасының 09.01.2017ж. № 5073369549889510 шешімімен «Казсат» АҚ бойынша 01.01.2017-31.12.2021жж. аралығындағы кезеңге салық есептілігін тапсыру уақытша тоқтатылды.

Қоғамның басқа елдер мен қалаларда филиалдары мен өкілеттіктері жоқ, бірақ Алматы және Ақкөл қалаларында өз құрылымдық бөлімшелері бар.

2021 жылғы 31 желтоқсан жағдайына кадр құрамының орташа жылдық саны 201 қызметкерді құрады.

2. Есептілікті ұсыну негізі

Бухгалтерлік есепке алу қағидаттарына сәйкестігі

Қоғамның есепке алу саясаты Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 08 қазандағы №6/2020 хаттамасымен бекітілген. Осы қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған Есепке алу саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген. Басқасы көзделмесе, бұл ережелер ұсынылған барлық есептік кезеңдерге біртіндеп қолданылды.

Осы қаржылық есептілік 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына жөніндегі Кеңеспен бекітілген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептіліктің нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 «Қоғамдық мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарын қоспағанда) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептілік нысандарының тізбесін бекіту туралы» Бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес келеді.

Атқарымдық валюта

Қазақстанның ұлттық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі – «теңге») болып табылады. Қоғамның басшылығы теңгені оның функционалдық валютасы ретінде анықтады, өйткені теңге Қоғамның оқиғалары мен қызметінің экономикалық мәнін көрсетеді. Теңге – ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті жасау кезінде қолданылатын валюта.

Қоғамның қаржылық есептілігіндегі баптардың барлық сомалары оларға ескертусіз мың теңгемен көрсетілген.

Қызметтің үздіксіздігі принципі

Қосымша қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидатының негізінде дайындалды, соған сәйкес активтерді сату және міндеттемелерді реттеу жақын болашақта қалыпты қызмет барысында жүзеге асырылады.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілікте Қоғам үздіксіздік қағидаты негізінде өз қызметін жалғастыра алмаған жағдайда қажетті түзетулер жоқ.

Есептеу қағидаты

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік есептеу әдісі бойынша дайындалды. Есептеу қағидаты шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ Қоғамның шаруашылық қызметінің нәтижесі болып табылмайтын, бірақ қаржылық жағдайға әсер ететін оқиғаларды олардың аяқталғаннан кейін төлем мерзіміне қарамастан тану арқылы қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепке алуда көрсетіледі және олар жататын кезеңдердің қаржылық есептілігіне қосылмайды.

Кәсіби найымдауларды, есеп айырысу бағаларын және болжамдарды қолдану

Басшылық осы қаржылық есептілікті ХҚЕС сәйкес дайындау кезінде активтер мен міндеттемелерді ұсынуға және шартты активтер мен міндеттемелерді ашуға қатысты

бірқатар бағалаулар мен жорамалдарды пайдаланады. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Төменде пайымдаулар мен бағалауларды қолданудың ең маңызды жағдайлары келтірілген:

- қаржы құралдарының әділ құнын анықтау;
- негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің пайдалы қызмет ету мерзімін анықтау;
- кейінге қалдырылған табыс салығын есептеу.

Қаржылық есептілік элементтерін тану

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілікке қаржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активатор, міндеттемелер, капитал, кірістер и шығыстар кіреді. Қаржылық есептіліктің бірнеше элементтерін бір бапқа біріктіру олардың Қоғам қызметіндегі ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі. Ұқсас баптардың әрбір маңызды сыныбы қаржылық есептілікте бөлек көрсетіледі. Бір-біріне ұқсамайтын сипаттағы немесе мақсаттағы элементтер, егер олар маңызды болмаса, бөлек ұсынылады.

3. Негізгі бухгалтерлік есепке алу қағидаттарына қысқаша шолу

Төмендегі негізгі есепке алу саясатын Қоғам қаржылық есептілікті жасау кезінде дәйекті түрде қолданды.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдарды есепке алу мақсатында Қоғам негізгі құралдар объектілерін жіктейді: жер телімі, ғимараттар, құрылыстар, беру құрылғыларының құрылыстары қайта бағалау күнінен кейін танылған жинақталған тозу мен құнсызданудан болған залалдар шегерілген әділ құны бойынша бағаланады. Қайта бағалау Қоғам белгілеген, есептік кезеңнің аяғында әділ құнның көмегімен анықталатын теңгерімдік құндағы елеулі айырмашылыққа жол бермейтін мерзімде жүзеге асырылады. Қайта бағалаудан түскен үстеме басқа барлығы кірісте танылады және пайда немесе залал құрамында алдыңғы қайта бағалау нәтижесінде танылған сол активтерді қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіруді қоспағанда, капиталға енгізілген активтерді қайта бағалау резервінің ұлғаюына есепке алынады. Қайта бағалаудан туындаған залал, бұрын қайта бағалау кезінде танылған сол актив үшін оң қайта бағалауды азайтатын бөлігін қоспағанда, пайда немесе залал құрамында танылады. Активтің қайта бағаланған баланстық құнына негізделген амортизация сомасы мен активтің өзіндік құнына негізделген амортизация сомасы арасындағы айырмашылық активті пайдалану кезінде бөлінбеген пайдаға аударылады. Актив шығарылған кезде осы активке қатысты қайта бағалау резерві бөлінбеген пайдаға ауыстырылады.

Есепке алу саясатына сәйкес, 2021 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Қоғам мемлекеттік лицензиясы бар тәуелсіз сыртқы бағалаушыларды тарта отырып, жылжымайтын мүлікті (жер телімдерін, ғимараттарды, құрылыстарды және беру құрылғыларын) бағалау жүргізді.

Машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары мен өзге негізгі құралдар жинақталған тозу мен құнсызданудан жинақталған залал шегерілген бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Сатып алу кезінде негізгі құралдар активті жұмыс жағдайына келтіру және оны тағайындалған жерге жеткізу үшін қажетті шығындарды ескере отырып, сатып алу бағасы

бойынша есепке алынады. Кейінгі шығындар осы активпен байланысты болашақ экономикалық пайданың Қоғамға түсу ықтималдығы және осы активтің құнын сенімді түрде өлшеуге болатын жағдайда ғана активтің баланстық құнына қосылады немесе жеке актив ретінде танылады. Барлық басқа жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстар олар туындаған қаржылық кезеңдегі пайда немесе залал құрамында танылады.

Негізгі құралдардың жеке объектілері әртүрлі пайдалы қызмет мерзімі бар негізгі құрамдас бөліктерден тұратын болса, олар негізгі құралдардың жекелеген объектілері ретінде есепке алынады.

Амортизация жекелеген активтердің күтілетін пайдалы қызмет мерзімі бойынша біркелкі әдіспен есептеледі және пайда немесе залалда танылады. Активтің пайдалы қызмет ету мерзімі активтің Қоғам үшін күтілетін пайдалылығы негізінде анықталады. Қоғамның саясаты белгілі бір уақыт кезеңінен кейін немесе тиісті активте қамтылған болашақ экономикалық пайданың белгілі бір бөлігін тұтынғаннан кейін активтерді шығаруды қарастыруы мүмкін. Осылайша, активтің пайдалы қызмет ету мерзімі оның экономикалық қызмет ету мерзімінен қысқа болуы мүмкін. Активтің пайдалы қызмет ету мерзімін есептік бағалау Қоғамның ұқсас активтерге қатысты тәжірибесіне негізделген кәсіби пайымдаулар арқылы жасалады. Әр қаржы жылының соңында активтерді қабылдау, іске қосу және шығару жөніндегі комиссия активтердің пайдалы қызмет мерзімін қарайды. Қаржы жылының соңында Комиссия белгілеген активтерге қызмет көрсету мерзімі Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі келесідей болды:

№ р/с	Активтің атауы	Жылдар саны
1	Ғимараттар, құрылыстар	10-нан 40-қа дейін
2	Құрылыс	10-нан 40-қа дейін
3	Беру құрылғылары	10,7-ден 40-қа дейін
4	Машиналар және жабдық	3-тен 30-ға дейін
5	Көлік құралдары	10-нан 15-ке дейін
6	Өзге негізгі құралдар	5-тен 15-ке дейін

Активтің амортизациясы ол пайдалануға қолжетімді болған айдан кейінгі айдың 1-күнінен, яғни оның орналасқан жері мен жай-күйі басшылықтың ниетіне сәйкес жұмыс істеуге мүмкіндік берген кезде басталады. Активтердің амортизациясын есептеу екі күннен ертерек тоқтатылады: сатуға арналған активтер құрамына беру күнінен немесе активті есептен шығару күнінен. Амортизация пайда мен залал туралы есепте көрсетіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залал шегерілген нақты шығындар бойынша есепке алынады. Амортизация осы активтердің болжамды пайдалы қызмет мерзімі бойынша біркелкі әдіспен есептеледі. Материалдық емес активтердің жою құны нөлге тең деп қабылданады. Қоғамның балансы амортизацияға жатпайтын, пайдалану мерзімі шектелмеген материалдық емес активтерді қамтиды.

Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдар шегерілген нақты құны бойынша есепке алынады.

Инвестициялық мүлік

Қоғам инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерін: жер, ғимараттар деп жіктейді. Инвестициялық жылжымайтын мүлікті кейінгі есепке алу әділ құны бойынша жүргізіледі.

Еншілес ұйымдарды есепке алу

Еншілес ұйымдар - бұл бас компания бақылайтын кәсіпорындар.

Егер Қоғам инвестиция нысанына қатысудан өзгермелі кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшыраса немесе осындай кіріс алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестициялық объектіге қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы табысқа әсер ету мүмкіндігі болған жағдайда Қоғамның инвестиция нысанына бақылауы болған кезде бақылаудың болуы болжанады.

Еншілес ұйымдар Қоғам оларға бақылауды алған сәттен бастап бақылау тоқтатылған күнге дейін шоғырландырылады.

Бірыңғай бақылаудағы кәсіпорындар арасындағы мәмлелерді біріктіруден басқа еншілес ұйымдарды сатып алу сияқты бизнесті біріктіру сатып алу әдісі бойынша есепке алынады. Сатып алу құны айырбастау күнінде берілген активтердің және туындаған немесе қабылданған міндеттемелердің әділ құны бойынша өлшенеді. Айырбастау күні, егер бизнесті біріктіру бір мәміледе орын алса, сатып алу күні және егер бизнесті біріктіру сатып алулар сериясы нәтижесінде кезең-кезеңімен орын алса, әрбір акция пакетін сатып алу күні болып табылады.

